

№25
(7765)

25 маусым,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

МЕРЕЙЛІ МІНДЕТТІҢ МЕРЕКЕСІ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЕСІПТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МЕРЕКЕЛЕР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 1998 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАҢТАРДАҒЫ №3827 ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС 23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ БОЛЫП БЕКІТІЛГЕНІ БЕЛГІЛІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, 23МАУСЫМ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ КҮНІ. «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ ЕЛІМІЗДІҢ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН, ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН РЕТТЕП, НӘТИЖЕСІНДЕ ОНЫҢ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІН АЙҚЫНДАП БЕРДІ.

Бұл кәсіби мерекенің басты мақсаты – мемлекеттік қызмет беделін нығайтуға септігін тигізу және мемлекеттік аппараттың кәсібилігінің басты ұстанымы ретінде халыққа қызмет етуді дәріптеу.

Елбасы мемлекеттік қызметшілер елімізді дамытуға зор үлес қосқанын атап өтіп, ауқымды реформаларды іске асыруда мемлекеттік аппараттың маңызды рөл атқаратынына назар аударды. Қазіргі мемлекеттік қызметкерлердің негізгі және басты белгілері – бар ынтасымен және бар жауапкершілігімен халыққа, мемлекетке қызмет ету. Мемлекеттік қызметші атану, адамның жан-жақты білімді, жауапкершілігі мол және білікті, әрі кәсіби маман болуын талап етеді.

Елбасының бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамның алғашқы тарауы «Кәсіби мемлекеттік аппарат құруға», яғни 15 қадамы осы мемлекеттік қызметке қатысты айтылады. Осы қадамдар арқылы Қазақстанның барлық аумағындағы өртүрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілер халыққа сапалы қызмет көрсетулері тиіс.

Ел үшін еңбек ету зор құрмет, абыройлы міндет. Халық үшін маңдай терін төгіп, адал еңбегімен ел аузына ілігіп жүрген қарапайым, ізетті, мейрімді мемлекеттік қызметшілердің мерекесі аталып өткені орынды, әрі осы сала қызметкерлерінің абырой, беделін арттыра түсетіні сөзсіз.

Мерекелік шараға келер болсақ, сахна шымылдығы аудандағы жас мемлекеттік қызметшілердің хорымен ашылды.

Әріптестерін төл мерекелерімен құттықтаған аудан әкімі Дастан Сағыров алдымен осы саланың ардагерлерін марапаттады. Сонымен қатар, биылғы жылдың басты ерекшелігі - мемлекеттік қызметте мүлтіксіз еңбек етіп, ауданымыздың өркендеуіне зор үлес қосқан еңбек ардагерінің еліне абыройлы, алаңсыз қызмет етуіне ерекше қолдау көрсеткені үшін жұбайлары марапатталды. Мемлекеттік қызметте ұзақ уақыт жемісті еңбек еткені үшін аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының орынбасары Сәндігүл Өткелбаева, Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты Хасен Оралов пен



аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі Ақмарал Есбатыровлар алғысқа беленсе, бір топ мемлекеттік қызметкер аудандағы спорттық және мәдени көпшілік шараларға белсене қатысқаны үшін марапатталды. Көп бала тәрбиелеп өсіріп отырған мемлекеттік қызметші ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы Артур Аманғосов та арнаулы сыйлыққа ие болса, әулеттің бірнеше адамы мемлекеттік қызметте жасайтын отбасы басшысы аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы Асылбек Наурызов та марапатталды. Мемлекеттік қызметке кірген белсенді жастар мен мем-

лекеттік қызметтегі үлгілі еңбегі үшін бірқатар қызметкерлер де сыйсыпатқа беленді.

Ал, ішкі істер органдарындағы үлгілі қызметі үшін аудан әкімінің алғыс хатына қазіргі саптағы қызметкерлермен қатар, еңбек ардагерлері де ие болса, Қазақстан Республикасының Полиция күні мерекесіне орай полиция қызметкерлерін кезекті арнаулы шені де осы бір салтанатты рәте тапсырылды. өздерінің алғашқы мерекесі күні Ойыл аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Дастан Аман мен аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Алтынай Наурызова мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің антын қабылдаса, мерекелік шара аудан көркемөнерпаздарының концертімен жалғасты.

P.S. Сонымен қатар, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мұратбай Айдарбаев пен аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Бақберген Мұқамбетқали Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің алғыс хатына ие болса, Academy of Public Administration under the President of Kazakhstan компаниясы өздерінің 25 жылдықтарына орай өткізген байқауда «Үздік тыңдаушы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бекболат Иманғалиевты облыста өткен «Мемлекеттік қызмет – мерейлі міндет» атты шарада арнайы марапаттады.



ЖАСТАР КҮНІ ЖАЛҒАСЫН ТАУЫП КЕЛЕДІ

АУДАН ЖАСТАРЫН ҚАРАОҰЛЫҚТАР ҚАРСЫ АЛДЫ



Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылғы Қазақстан халқына Жолдауында жастарға ерекше көңіл бөліп, биылғы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялаған болатын. Биыл осы «Жастар жылының» аясында елімізде жастарды қолдау мақсатында көптеген игі шаралар өтіп келеді. Мұндай шаралардан ауыл жастары да тысқары қалып жатқан жоқ. Оның басты айғағы аудан әкімі ресми жиындардан бөлек әр ауылдың жастарымен ашық сұхбат құрып, ұсыныс-пікірлерін тыңдап, ауылдарға арнайы шығып, жастармен кездесулер өткізіп жүр. Осындай жастарға деген шексіз қолдаудың нәтижесінде шет жерде арман құып, еңбек етіп жүрген ауданның бірқатар жастары туған жерге оралып, жерлестерімен жүздесіп жүр. Солардың бірі - Асылхан Төлепов. «Жау жүрек мың бала» фильмі мен «Сұңқар» телехикаясының басты рөлін сомдаған Қазақстан Республикасының театр және кино актері, «Серпін», «Дарын» мемлекеттік

жастар сыйлығының иегері. Өткен аптада «Жастар - болашаққа жол бастар» атты Қараойда өткен жастар күніне Алматы қаласынан әкесі Сайлау Төлеповпен бірге кіндік қаны тамған жерге арнайы келді. Толғырақ тарқатсақ, алдымен Қараойға әр ауылдық округтен таңсеріден ағылған жастар делегаты ауылдың кіре берісіне тілігпен ағаш үйден дәм татты. Жастар күні таңертемен жалынды жастардың жалауын желбіреткен көліктер шеруімен басталды. Сәні мен сырт келбеті жарасқан шалғай ауылдың көшелерін аралаған көліктер шеруі село шетіндегі саябаққа барып тоқтады. Ауданнан және облыс орталығынан келген меймандар саябақ ішінен жағалай орын алған жастардың көрмесімен танысты. Әрі қарай, айтулы саябақта «Жастар күнінің» ашылу салтанаты өтті. Онда аудан әкімінің орынбасары Асқар Қазыбаев аудан әкімінің атынан барша қараойлықтарды жастар күнімен құттықтап, бірқатар ауыл жастарына алғыс хаттарын табыс-

тады. Ауыл әкімі Сәкен Займолдиннің ұйымдастыруымен ауыл кәсіпкерлері мен шаруа қожалықтарының қолдау-демеушіліктерінің арқасында өткен шараға қатысқан қараойлықтардың қарасы көп болды. Біз бұл жерде ауыл азаматтарының үлкен ауызбіршілікте екендігін өл сөттен-ақ аңғардық. Өйткені жаныңнан өткен әр қараойлық айтулы шараның абыроймен өтуіне өзіне атсалысып жүр. Сондықтан болар осы киелі топырақтан шыққан Асылхан Төлеповтей ұлдарын ыстық ықыласпен қарсы алып, айрықша қолдау көрсетті. Бірі ақашалай сый көрсетсе, бірі ат мінгізіп, шапан жапты. Ауылдастарының осындай сыйына беленген жас актер Асылхан Сайлаулы барша жерлестеріне үлкен алғысын білдірді.

Осыдан бір-екі күн бұрын аудан орталығына ат басын бұрған белгілі актер Асылхан Төлепов аудан орталығында болып, барша жас-

2 жыл дайындалған. Содан кейін барып киноны түсіруге 4 ай уақыт кеткен. Ауылдастарымен ашық сұхбат құрған актер ауылға 2007 жылы соңғы рет келіпті. Сол уақыттан бері ауылдың келбеті адам танымастай өзгергендігінде атап өтсе, актердің қатарлас, құрдастары сол бір балалық шақтан сыр бөлісті. Асылханның балалық арманы мүлдем басқа болған. Оның бала күнінде спорттың барысы болуға құлшынысы басым еді. Алайда ол арманы есейе келе өзгерді. Өйтсе ол бала күнінің арманынан өлі күнге дейін арылған емес.

Қазір оның сол арманынан ұлы Алпамыс орындаса дейді. Қазіргі таңда шаңырақ көтеріп, бір баланың әкесі атанып отырған Асылханның таңдауы айрықша. Тек тарихи киноларға түскенді ұнатады. Оны танытқан «Жау жүрек мың бала» фильмі болғандарынан батыр бабаларының кейпінде көпшілік көзіне түскендіктен қазіргі заманауи

ӨНЕР БАРЫСЫ ЖЕРЛЕСТЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

тармен кездескен болатын. Алыстан ат арылтып келген өнер қыраны кеше кіндік қаны тамған жерге арнайы барды. Ауылдастарына арнайы амандасып, кездесе кешін өткізді. Жан-жақтан жиылған жастар жас актермен ашық сұхбаттасты. Қараой ауылдық клубында өткен кездесу кешінде келіп түскен сауалдар лепін саралай келе жауап берген Асылхан Сайлаулы жалпы өнер жолы оңай жол еместігін жасырмады. Себебі оны танытқан «Жау жүрек мың бала» фильміне түсу үшін көп еңбектенген. 23 мың адамның ішінен таңдау алған жерлесіміздің айтары адамға алдымен бақ берсін дейді. Сонда ғана сенің биіктен көрінуің толық негіз бар. Талантың тасып тұрса да, еңбек етудің жолы басқа екендігін баса айтты. Өйткені «Жау жүрек мың бала» фильміне түсу үшін

киноларға түсіп ұсақталғысы келмейді. Бұрын кастинг жарияланған киноларға түсуге өзі іздеп баратын болса, қазір оны режиссерлердің өздері іздеп келеді. Міне өнердің биігіне нағыз ұлттық рух пен ермнезділіктің арқасында шыққан өнер барысының біз көрген кейпі осындай.

P.S. Атап өтсек, Қараойдағы «Жастар күні» түстен кейін спорттық ойындармен жалғасты. Айтулы шара одан кейін кешкілік Халықаралық, Республикалық байқаулардың лауреаты Ғаиза Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармонияның өншісі қараойлық Еркебулан Құмаровтың өн кешіне ұласты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қараой-Ойыл.

ТАЛАНТ ӘР БАЛАДА БАР

ЕЛІМІЗДЕГІ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ», «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ», «100 НАҚТЫ ҚАДАМ» ЖОБАЛАРЫНДА, СОНДАЙ-АҚ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЛАРЫНДА ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ, ЖАСТАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ МІНДЕТТЕРІНЕ БАСА КӨҢІЛ БӨЛІНІП КЕЛЕДІ. ОСЫ ОРАЙДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ОЙ ҚОЗҒАУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

Мен оқыған мектепте оқу бөлімінің ұстазы әр апта сайын сыныптарда сайыс өткізетін. Апта соңында күнделіктерімізді жиып ең көп баға алған оқушыға алғыс жариялайтын. Бұның барлығы мемлекетіміздің тірегі – еліміздің ертеңгі ұрпақтарын тәрбиелеу жолындағы кішкентай міндеттен басталып, үлкен игі істерге жетелейтін еректертер ғана. «Әр бала өзінше талант. Мәселен оның күнделікті сабаққа құлшынысын арттыру үшін оқушы үй еңбегімен, дене еңбегімен айналысып тұрғаны абзал. Білім мен тәрбие – егіз ұғым. Жалпы білім беретін мектепті – білім тірегі десек, оқушыларға қосымша білім беру мекемелері – жеке тұлға етіп қалыптастыру жолында тәрбие береді, шындайды, болашаққа жарқын жол ашады» дейді Жетісу аудандық №9 Оқушылар үйінің директоры Дүйсен Солтанұлы.

Біз куә болған өнер ошағындағы әр бөлме қандай үйірмеге арналғанын байқау қиын емес. Әдеби-көркемдік бағытта «мәнерлеп оқу», «ағылшын тілі», «қазақ тілін үйренеміз», «театр өлемі», көркем-эстетикалық бағыт бойынша вокал, домбыра, қобыз, фортепиано, би бөлімдерімен белгіленсе, спортқа – шахмат, бокс, ұлттық ойындар, волейбол, өлкетану, экология бағытында – «Өлкетану», «Жасыл өлем» деген атаумен, қолданбалы – сәндік өнер «өсемдік бұйымдар», «қолөнер», «шебер қолдар» үйірмелерімен қамтылған.

Ұжым басшысы өз сөзінде «Назқояр» «Сырлы қобыз», «Мирас» домбырашылар ансамбі жыл сайын түрлі байқауларға қатысып, бас жүлде, бірінші, екінші орынды иеленгенін атап өтті. «Ақ көгершін», «Құнышақ», «Ғұмырдария», «Нұрлы жастар», «Тайжарыс», т.б. өнер орталықтарының ұйымдастыруымен

өтетін республикалық, халықаралық байқауларда «Аспалта ойнау» аталымдары бойынша аталмыш үйірмелер топ жарып жүрсе, сонымен қатар ерен еңбегімен көрінсе, «Айжұлдыз», «Қазақ тілін үйренеміз», «Мәнерлеп оқу», «Театр өлемі» үйірмесінің тәрбиеленушілері үздіктер қатарында.

Жалпы, бұл мекемеде әрбір ұстаздың өз міндеті бар. Ең бастысы олар – өскелең ұрпақтың келешегіне тілектес, ниеттес тұлғалар. Оқу тәрбие ісінің меңгерушісі Шолпан Тұрсынқызы, әр іс-шараның жақсы өтуіне ықпал етіп, мұрындық болып жүретін әдіскерлер Серік Жақсылықұлы, Құралай Нұғыманқызы, Әйгерім Биекеқызы, Майра Оразқызы, Ақерке Ержанқызы сынды ұстаздардың еңбегі зор. Бір өттегенайы, еселі еңбегімен, жетістіктерімен көзге түсіп келе жатқан Оқушылар үйінің тарлығы шығармашылықтарын одан әрі өрістетуге қолайсыздық тудырып отыр. Осы мәселе алдағы уақытта өз шешімін тапса дейсін. Өнер ошақтарының ауқымы кең, еңселі болғаны абзал емес пе?

Оқушылар үйі – білім мен өнер ошағы. Әрине, ата-ана баланың уақытын тиімді өткізу үшін түрлі үйірмелерге жаздырады. Заманауи техника көз-ілеспес жылдамдықпен дамып жатқанда бала санасын, ұлттық құндылықтардан жырақтатып алмауымыз керек. Ұялы телефон мен компьютердің тілімен дос болған ұрпақтың үй шеңбері алаңдатады. Қазақтың бекзада өнерін танып-білуге бейнетпен жетіп, жаһанға жарыялаған небір тұлғаларымыздың тағдыры ұмыт болмаса екен дейсің. Қазіргі оқушы – ертеңгі келешектің қамалын соғушы.

Динара МӘЛІК,
АЛМАТЫ.

БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕ БЕСІГІ

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсарту, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін 7 жасқа дейінгі балалардың шамамен 70%-ы балабақшамен қамтылса, егемендіктің алғашқы жылдары нарыққа бет алған тұста, «Балапан басыммен, тұрмтай тұсымен» кетіп, балабақша да қараусыз қалды.

1991 жылы елімізде 8743 балабақша болса, оның жартысынан астамы (4868) «онтайландыру» кезеңінде жекешелендірілген, бір бөлігі бос қалған, қираған. Тұтастай алғанда, 2000 жылға дейін республикадағы балабақша саны 1144-ке дейін азайды.

Тәуелсіздік жылдарында етек-жеңімізді жиып, ес жия бастағанда білім саласына да көңіл бөлуді қолға алдық. Балабақша саны артып, мектепке дейінгі білім беру жүйесі жандана бастады. Бұған демографиялық ахуал да өз есерін тигізді. Мәселен, 1990-1999 жылдары туу көрсеткіші күрт төмендесе, 2000-2013 жылдары бала туу көрсеткіші орта есеппен 13 мың адамға артты. 2007-2009 жылдары 2557 мектепке дейінгі ұйым ашылса, оның 612-сі – балабақша. Ал 2009 жылы 4972 мектепке дейінгі ұйым жұмысын бастап, оның ішінде 2003 балабақша, бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Балааларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту мектепке дейінгі балалар санының 38,7%-ын құраған.

Елбасы «Қазақстан – 2050 стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында 2020 жылға дейін балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен 100% қамтамасыз етуді міндеттеп, осыған байланысты «Балапан» бағдарламасын іске асыру мерзімін 2020 жылға дейін ұзарту және мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістерін әзірлеуді тапсырған еді.

Бұл тұрғыда елімізде көптеген шаруалар атқарылып жатыр. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стра-

тегиялық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленген «Бизнестің жол картасы – 2020», Балааларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы аясында мектепке дейінгі білім беру мекемелері өмірге келді.

Бөбекжай, балабақша, отбасылық бөбекжай, санаторлық бөбекжай, «мектеп-балабақша» кешені, мектепке дейінгі шағын орталық атты атау иеленген мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жұмысы күн өткен сайын жанданып келеді.

Алматы қаласында бүгінгі күні 800-ге жуық мектепке дейінгі білім беру орны жұмыс істейді. Оның 300-ден астамы мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы бойынша қызмет көрсетеді. Статистикаға сүйенсек, 2014 жылы – 8900, 2015 жылы – 8870, 2016 жылы – 9230, 2017 жылы – 9560 бүлдіршін балабақшаға қабылданған. Соған қарамастан, күн өткен сайын балабақшаға деген сұраныс үдей түседі.

Бала – біздің болашағымыз, еліміздің ертеңі. Ертеңгі ел тізгінін ұстар ұрпағымыздың дені сау, болашағы жарқын болуы үшін іргетасы да нық қаланыуы тиіс. М.Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде: «Жас бала – жас бір шыбы, жас күнде қай түрде иіп тасатса, есейгенде сол иілген күйінде қатып қаламақ. Теріс иіліп қалған шыбықтың артынан түзеймін десең сындырып аласың. «Баланы – бастан» деген сөздің мәнісі осы. Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, өдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен ерге сүйейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыш теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек» депті. Ендеше, ұрпақ бағбанына айналып отырған балабақша тәрбиешілеріне де көңіл бөліңсе деген тілек бар.

Бағдарлұ БАЛАУБАЕВА.
«Ана тілі»

ЭЛЕКТРОНДЫ ЕҢБЕК БИРЖАСЫ

Электронды еңбек биржасы – бұл бос жұмыс орындарын енгізу мен азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін сандық алаң. Электрондық еңбек биржасы www.enbek.kz интернет-ресурсы негізінде жұмыс істейді.

Enbek.kz порталында, жұмыс берушілер халықты жұмыспен қамту орталықтарына жолықпай, бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді енгізіп, жұмыс іздеуші тұлғалардың мәліметтеріне қол жеткізе алады, ал, жұмыс іздеушілер, жұмыспен қамту орталықтарына жолықпай, порталда өз түйіндемелерін енгізіп, Қазақстан бойынша бос жұмыс орындар мәліметтер базасына қол жеткізе алады.

Бос жұмыс орындары мен түйіндемелерді енгізу үшін порталда тіркелу қажет, яғни, өз жеке кабинетіңізді құруыңыз қажет. Қарау үшін тіркелу қажет етілмейді.

Enbek қосымшасын App Store и Play Market жүктеп аласыз.

Порталдың қызметтері тегін.

ЭЛЕКТРОННАЯ БИРЖА ТРУДА

Электронная биржа труда – это цифровая площадка по размещению вакансий и трудоустройству граждан. Электронная биржа труда функционирует на базе интернет-ресурса www.enbek.kz

На портале Enbek.kz работодатели, не посещая центр занятости, могут разместить информацию о наличии вакантных должностей, а также получить доступ к базе данных лиц, ищущих работу, а, соискатели, не посещая центр занятости, могут разместить на портале свое резюме, а также получить доступ к самой большой в Казахстане базе данных вакансий.

Для размещения вакансий или резюме необходимо регистрироваться на сайте, то есть, создать свой личный кабинет. Для просмотра регистрации не требуется.

Приложение Enbek можете скачать на App Store и Play Market.

Услуги портала бесплатные.

ДАУ МҰРАТЫ – БІТУ!

Қоғамда азаматтардың бол-машы нәрсені сылтау етіп бір-бірімен араздасуы, дауласуы,оны өзара шешуге ешбір ниет етпей бірден сотқа жүгінуі кездесіп жатады. «Бір күндік ұрыстың қырық күндік қырсығы бар» деген сөз бекер айтылмаған. Кез-келген ұсақ түйекті сылтау етіп, ренжісіп, қабақ шытысқан адамдардың, ара қатынасында алдағы уақытта салқындық болары анық. Осы аталған ұсақ түйекке ренжісіп сотқа келген тараптар бір-бірінен кінә іздеп ренжісіп жатады, бұл әрекет дегеніміз адамдардың арасын алшақтата түсетін жайт екендігі баршамызға мәлім.

Осы аталған жайттарды болдырмау мақсатында, яғни тыныштық, татулық, келісімге келушілік бағытында Ел басының рухани жаңғыру мақаласында айтылып, тапсырмалар берілді.

Аудандық сотпен медиацияның қолданылуын кеңейту мақсатында, қарапайым халық арасында

түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, медиацияның қолданылуын ке-ңейту күнделікті жоспардан тыс қалған емес.

Медиация жанжалға қатысушылар-дың эмоционалды күшін, ақшасын және уақытын үнемдеуге көмекте-седі. Оны жүргізу кезінде процестің жағдайы, ұйымдастырылуы, ұзақ-тығы және мазмұны жеке анықталуы мүмкін. Медиация дауға кім кінәлі немесе жеңіске жету емес шешімнің құрылымдық іздестірілуіне бағдар-ланады.

Медиация кезінде шешілген дау-лардың келісімдері берік болады. Бұл тетіктің ең басты ерекшелігі-меди-ация дау туындағаннан кейін тарап-тардың өзара қарым қатынасын сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқы дау-дамайды келісім-мен шешіп отырған халық. Сондықтан біз отбасында өзімізді, ұл-қызымыз-ды кешірімді болуға үйретуіміз керек.

Ерлан АЛТЫБАЕВ,
Ойыл аудандық
сотының бас маманы.

ЧТО ЖЕ ДАЕТ ЕСП ЛЮДЯМ?

Единый совокупный платеж (ЕСП) – это режим, предоставляющий возможность неформально занятым лицам осуществлять предпринимательскую деятельность без регистрации в качестве индивидуального предпринимателя.

ЕСП будет распространяться на **физических лиц**, осуществляющих неформальную деятельность с целью получения заработка и (или) извлечения доходов, которые не используют труд наемных работников, выполняют работы, оказывают услуги физическим лицам, реализует сельскохозяйственную продукцию, полученную от эксплуатации личного подсобного хозяйства для потребления физическим лицам.

Уплата ЕСП дает следующие возможности:

Первое: участвовать в системе обязательного социального медицинского страхования и получить доступ к медицинским услугам, с правом выбора медицинского учреждения после введения ОСМС.

Второе: участвовать в накопительной пенсионной системе и получение базовой пенсионной выплаты в зависимости от стажа участия в системе. Кроме пополнения своих пенсионных накоплений в Едином накопительном пенсионном фонде, для плательщиков ЕСП появится возможность получать базовую пенсию в повышенном размере в связи с тем, что будет фиксироваться трудовой стаж.

Третье: получить социальные выплаты в случаях утраты трудоспособности, потери работы, потери кормильца, беременности и родов, усыновления или удочерения ребенка, ухода за ребенком.

Еще из плюсов выплат, имеется тот факт, что за счет подтверждения своего дохода, повышается потенциальная кредитоспособность граждан. То есть теперь вы официально можете получить кредит в банке, подтвердив свою платежеспособность регулярными взносами.

Уплата ЕСП производится на добровольной основе по собственному желанию. Право участвовать в системе остается за физическим лицом, к нему не будут применяться какие-либо меры по привлечению к ответственности за неуплату единого совокупного платежа.

ЕСП планируется исчислять из размера месячного расчетного показателя, для жителей городов - **1-кратный размер МРП (2525 тенге)** и **0,5-кратный размер МРП для сельских жителей** (согласно регистрации по месту жительства).

Плательщики ЕСП не предоставляют налоговой отчетности.

ЕСП будет состоять из следующих долей:

- 10% на индивидуальный подоходный налог;

- 30% пенсионный взнос в ЕНПФ;

40% отчисления в ФОМС;

- 20 % социальное отчисление в ГФСС

Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 маусымда № 6256 болып тіркелді.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

14 маусым 2019 жыл № 107 Ойыл селосы **Ойыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 8, 27 баптарына сәйкес, Ойыл ауданының өкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. «Ойыл ауданы өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан өкімінің орынбасары А.Кенжебаевқа жүктелсін.


4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Д.Сагиров

Ойыл ауданы өкімдігінің 2019 жылғы 14 маусымдағы №107 қаулысына қосымша

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҒЫНДА КӨШПЕЛІ САУДАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН АРНАЙЫ БӨЛІНГЕН ОРЫНДАР			
№	Елді мекен атауы	Көшпелі сауданы жүзеге асыратын орындар	Саны
Ойыл ауылдық округі			
1	Ойыл ауылы	Көкжар көшесі, №72 үйдің сол жағы	1
2	Ойыл ауылы	Б.Жолмырзаев көшесі, №3 ғимаратының оң жағында орналасқан ғимарат	1
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі			
1	Қаратал ауылы	Ш. Берсиев көшесі, №39 ғимаратымен Ш. Берсиев көшесі №41/1 үйдің ортасында орналасқан ғимарат.	1
2	Қаратал ауылы	Ө. Бақаев көшесі, №13 ғимараттың алды.	1
Көптоғай ауылдық округі			
1	Көптоғай ауылы	Қазақстан көшесі, № 16-а Саябақтың алды	1
Сарбие ауылдық округі			
1	Сарбие ауылы	Әйтеке би көшесі, №23 ғимаратының алды.	1
Қараой ауылдық округі			
1	Қараой ауылы	Тәуелсіздік көшесі, №19 ғимаратымен Тәуелсіздік көшесі, №21 үйінің ортасы.	1
Саралжын ауылдық округі			
1	Саралжын ауылы	Ботағөз 2 көшесі, №10/А ғимараты-ның алды.	1
Қайыңды ауылдық округі			
1	Қайыңды ауылы	А.Иманов көшесі, №5-а ғимаратының сол жағы	1

Digital Agent (Диджитал Агент) мобильді қосымшасы



Билығы жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен Ақтөбе облысы бойынша пилоттық жоба ретінде «Цифрлы агент» (Digital agent) мобильді қосымшасы іске қосылды. Digital agent мобильдік қосымшасының артықшылығы - мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушылардың шынайы уақытта қызмет көрсету сапасына қатысты өз шағымын және тиісті бағасын беруге мүмкіндіктері бар. Осы орайда ағымдағы жылдың 19 маусым күні аудан орталығындағы Халықты жұмыспен қамту орталығында аудан өкімі аппараты, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелерін үйлестіру бөлімінің ұйымдастыруымен жергілікті мекеме басшылары, жауапты мамандар және әлеуметтік сұрақтар бойынша келген халық арасында «Ашық есік» күні өтті. Аудан тұрғындарына **Digital Agent (Диджитал Агент)** мобильді қосымшасы туралы толық мәлімет беріліп смартфондарына жүктеп, жұмыс жасау реті түсіндірілді. Сонымен қатар, Ойыл ауданы өкімдігінің ресми сайты арқылы, басқа да әлеуметтік желілерде **Digital Agent (Диджитал Агент)** мобильді қосымшасын насихаттау жүріп жатыр. Бұл мобильді қосымша кез келген интернет желісіне қосылған смартфонға **Play Market** арқылы жүктелінеді.

ЖАЛҒАН КЕДЕН ДЕКЛАРАЦИЯЛАРДЫ ЖАСАҒАН ҮШІН БРОКЕР СОТТАЛДЫ

Ақтөбе көлік прокуратурасымен Қазақстан Республикасына кіргізілген тауарлардың кедендік рәсімделуі бойынша жүргізілген талдау барысында, мұнай құрылғылардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық ережесінің талаптарына сай 350 жалған сәйкестік декларациялар анықталды.

Прокуратурамен сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында, «KB Partnership» ЖШС-нің брокер И.Е.Бегимовтың жалған декларацияларды дайындауға қатыстылығы анықталды. Төрт мұнай компаниясына келтірілген шығын көлемі 19 млн. теңгені құрады.

Ақтөбе қалалық сотының үкімімен кінәлі аса ірі мөлшерде алаяқтық жасағаны үшін ҚК-тің 190 бабы 4 бөлігі 2 тармағымен 5 жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасына тартылды. Келтірілген запал толық көлемде өтелді. Сот шешімі заңды күшіне енді.

Сонымен қатар, қызметтік міндеттерін тиісті орындамағаны және мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін, прокуратураның қадағалау актісі бойынша «Ембі» кеден бекетінің екі лауазымды тұлғалары қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту ретінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бас көлік прокуратурасы

ЗА ПОДДЕЛКУ ТАМОЖЕННЫХ ДЕКЛАРАЦИЙ ОСУЖДЕН БРОКЕР

Актюбинской транспортной прокуратурой в ходе анализа законности таможенного оформления товаров, ввезенных в Республику Казахстан, выявлено свыше **350** поддельных деклараций о соответствии нефтяного оборудования требованиям технического регламента Евразийского экономического союза.

Досудебным расследованием прокуратурой установлена причастность к изготовлению подложных документов брокера ТОО «KB Partnership» Бегимова И.Е. Сумма ущерба, причиненная его действиями 4 нефтяным компаниям, составила **19 млн. тенге**.

Пригговором суда г.Актобе виновный осужден за совершение мошенничества в особо крупном размере по ст. 190 ч. 4 УК к 5 годам лишения свободы условно. Ущерб возмещен в полном объеме. Судебный акт вступил в законную силу.

Одновременно по акту надзора прокуратуры за ненадлежащее выполнение служебных обязанностей и совершение проступков, дискредитирующих государственную службу, два должностных лица таможенного поста «Эмба» привлечены к дисциплинарной ответственности в виде предупреждения о неполном служебном соответствии.

Главная транспортная прокуратура

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТАРЫ КЕЗІНДЕ...

Суға түсу маусымында және ерт

қауіпті кезеңінде, қауіптің алдын алу

мақсатында Ойыл ауданының ТЖБ және №14 ӘСБ қызметкерлерімен аудандың мектептерінде ұйымдастырылған лагерлерде жаз мезгіліндегі өрт қауіпсіздігі және суға шомылу кезіндегі қауіпсіздікті сақтау бұйықна нұсқаулықтар өткізілуде.

Нұсқаулық барысында лагер тәрбиешілері мен балаларға суға шомылу кезіндегі ережелерді, балалардың іс-қимылы туралы және алғашқы көмек көрсету, тұрмыста және табиғатта жүргенде өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша қарапайым ережелер түсіндірілді. Сонымен қатар балаларға №14 ӘСБ қызметкерлері өрт сөндірушінің киімін таныстырып, өрт кезіндегі алғашқы іс-әрекеттерімен, қауіпсіздік аймаққа көшу

кимылдары түсіндірілуде. Аталған іс-шарада бөлім қызметкерлерімен суға шомылу ережелері туралы жады-намалар таратылып лагерлерлердің көрінетін жерлеріне ілуге және балаларға түсіндіруге тапсырмалар берілді. Жиналыс соңында қатысушылар өздерінің сұрақтарын қойып оған түшымды жауаптарын алды.

Сонымен қатар ата-аналар назарына жазғы демалыс кезінде оқушылардың суға шомылуы кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында төмендегідей ережелерді ұсынамыз.

Салқын суларда көбіне қол-аяқтар қурысын қалып жатады. Терең сулар кеудені қысып,тыныс алуды тарылтады. Мүмкіндігінше, саспаған (үрейленбеген) құрмыс. Адам су ішінде айқайлап, дармана берсе, өлі кетіп, су жұтады.

Жүзу білмесеңіз немесе өзіңізе белгісіз (ағысы қатты, терең, жарқабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ересектерсіз өз бетіңізше суға түспеңіз.

Төменде зардап шеккен су жұтқан кезде көрсетілетін алғашқы көмектің, кейбір өдістер келтірілген.

Су жұту - тыныс алу жолдарын сұйықтықпен немесе сұйық мас-салармен толтыру. Су жұту белгілері болып, ауыздан көбік бөлу, жүрек қызметінің және тыныс алудың тоқтауы, көз ұлпасының кенейіуі, тері жамылғыларының көгеруі табылады. **Алғашқы көмек** Ауыз қуысын тазарту, сосын зардап шеккенді құтқарушының жамбасына қойып, бұл кезде зардап шеккенің басы жерге қарай салбырап тұруы, кеудесі мен арқасын қаттырақ қысу арқылы іштей және өкпедегі суды шығару керек.

Бұдан кейін тездетіп жасанды тыныс алдыруды жүргізеді. Жүрек қызметін қалыпқа келтіру үшін

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

29 мамыр 2019 жыл № 301 Ойыл селосы
Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы №248
«2019-2021 жылдарға арналған Ойыл ауылдық округ
бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру
енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2-тармағына, 106, 109-1 баптарына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

